

Мақаланың аннотациясын дайындау жөніндегі ұсынымдар

Мерзімді басылымда аннотация мақаланың мазмұны және онда баяндалған зерттеу нәтижелері туралы ақпараттың дереккөзі болып табылады.

Аннотация мынадай функцияларды атқарады:

- құжаттың негізгі мазмұнын белгілеуге, оның қажеттілігін айқындауға және құжаттың толық мәтініне жүгіну керектігін шешуге мүмкіндік береді;
- құжат туралы ақпарат береді және егер құжат оқырман үшін екінші дәрежелі қызығушылық білдірген жағдайда, құжаттың толық мәтінін оқу қажеттігін жояды;
- құжаттар мен ақпаратты іздеу үшін ақпараттық, оның ішінде автоматтандырылған жүйелерде пайдаланылады.

Мақалаға аннотация:

- 3 тілде: қазақша, орысша, ағылшынша;
- ақпараттық (жалпы сөздер болмауға тиіс);
- түпнұсқалы;
- мазмұнды (мақаланың негізгі мазмұнын және зерттеу нәтижелерін көрсетуге);
- құрылымдық (мақалада нәтижелерді сипаттау қисынына сай);
- шағын (көлемі **200-250-ге дейін сөз**) болуға тиіс.

Аннотация мақала мазмұнының мынадай аспектілерін:

- жұмыстың нысанасын, мақсатын;
- жұмыс жүргізу әдісін немесе әдіснамасын;
- жұмыс нәтижелерін;
- нәтижелердің қолданылу саласын;
- қорытындыны қамтиды.

Аннотация мақаланың кіріспе немесе қорытынды бөлімдерін қайталамауы керек. Аннотация мәтінінде әдебиеттер тізіміне сілтемелер, аббревиатуралар, қысқартулар, түсініксіз белгілер болмауы тиіс.

Аннотациядан кейін түйін сөздер орналастырылуы керек (5-10 жеке сөздер мен сөз тіркестері).

Мақала мазмұнын баяндау реттін жұмыстың нәтижелері мен қорытындысын баяндаудан бастап өзгертуге болады.

Жұмыстың нысанасы, тақырыбы, мақсаты мақаланың атауынан түсініксіз болған жағдайда көрсетіледі.

Жұмыс жүргізу әдісін немесе әдіснамасын, егер олар жаңашылдықпен ерекшеленген немесе осы жұмыс тұрғысынан қызығушылық білдірген жағдайда, сипаттаған орынды.

Жұмыс нәтижелері нақты және ақпараттық дәл сипатталады. Негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, нақты деректер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар келтіріледі. Бұл ретте ұзақ мерзімді маңызы бар жаңа нәтижелер мен деректерге, маңызды жаңалықтарға,

қолданыстағы теорияларды жоққа шығаратын қорытындыларға, сондай-ақ автордың пікірінше, практикалық маңызы бар деректерге басымдық беріледі.

Тұжырымда мақалада сипатталған ұсынымдар, бағалаулар, ұсыныстар, гипотезалар жазылуы мүмкін.

Мақала атауында қамтылатын мәліметтер аннотация мәтінінде қайталанбауға тиіс. Артық кіріспе сөздерді (мысалы, «мақала авторы... қарастырады») келтірмеген жөн.

Тарихи анықтамалар, егер олар құжаттың негізгі мазмұнын, бұрын жарияланған жұмыстардың сипаттамасын және жалпыға белгілі ережелерді құрамаса, аннотацияда келтірілмейді.

Аннотация мәтінінде ғылыми және техникалық құжаттар тіліне тән синтаксистік конструкцияларды қолданып, күрделі грамматикалық конструкцияларды пайдаланбаған жөн.

Аннотация мәтінінде мақала мәтінінен маңызы бар сөздерді қолданған жөн.

Мақала мәтінімен бірдей болуына (мәтін бөліктерін қайталауға) жол бермеу қажет.